

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ



ПЕРВЫЙ ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2023 жылғы 25 мамырдағы
№ ДС-194

Құрметті депутаттар!

Арал теңізін сақтау мәселелеріне қатысты депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймын.

Арал теңізі үшін судың жеке лимитін белгілеу және мемлекетаралық келісімге «кепілдік берілген келісім» мәртебесін беру бойынша Орталық Азия елдерімен келіссөздер жүргізу бойынша

Арал өңіріндегі қалыптасқан экологиялық жағдай және Арал теңізі бассейнінің трансшекаралық өзендерінің су ресурстарын бірлесіп басқаруды ұйымдастыру жөніндегі шешілмеген мәселелер Арал дағдарысына қарсы күрес жөніндегі Орталық Азия елдерінің қарқынды өңірлік ынтымақтастығы мен күш-жігерін біріктіруге ынталандырды.

Мәселен, 1992 жылы Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Түрікменстан арасында «Мемлекетаралық су көздерінің су ресурстарын пайдалану мен қорғауды бірлесіп басқару саласындағы ынтымақтастық туралы» Келісім (Бұдан әрі – келісім) қабылданды. Бүгінгі таңда келісім Сырдария өзені бассейні бойынша су шаруашылығы қатынастары реттелетін өңір елдері мойындайтын жалғыз құжат болып табылады, бұл оның көршілес елдердің су бөлу жөніндегі өз міндеттемелерін орындауына кепілдік беретін құжат ретіндегі мәртебесін көрсетеді.

Бұл ретте, Қазақстан үшін Сырдария өзені бассейні бойынша су бөлу КСРО Мемлекеттік жоспарының 1982 жылғы 5 мамырдағы №11 қаулысына сәйкес әзірленген «Сырдария өзені бассейнінің су ресурстарын кешенді пайдалану және қорғау» нақтыланған схемасына (бұдан әрі – Схема) түзету жазбасымен белгіленген.

Схемаға сәйкес Шардара су қоймасына су ағыны орташа жылдары 12 км³, ал су аз жылдары 10 км³ құрайды. Шардара су қоймасынан нормативтік тастау 10,11 км³ құрайды, оның ішінде Арал теңізіне дейінгі учаскедегі су алу (*ирригация, өнеркәсіп, балық шаруашылығы, экожүйенің қажеттіліктері үшін ағызу*) 7,2 км³ және Арал теңізіне ағызу 3,78 км³ құрайды.

Осылайша, Арал теңізі үшін судың жеке лимиті бұрын қабылданған су бөлу құжаттарында бекітілген.

Бұдан басқа, Келісімге сәйкес Орталық Азия елдерінің үкіметтері Мемлекетаралық су шаруашылығы үйлестіру комиссиясын (бұдан әрі – МҮСК) құрды, оның шеңберінде жыл сайын Арал теңізіне су беру бекітіледі. Мәселен, МҮСК 84-ші отырысының болжамды кестесіне сәйкес (2023 жылғы 10 мамыр, Душанбе қ.) ағымдағы жылдың вегетациялық кезеңінде Арал теңізіне су беру 996 млн м³ құрауы тиіс.

Жалпы, соңғы 5 жылдағы орташа көпжылдық деректерге сүйене отырып, Шардара су қоймасына ағын 14,1 км³ құрады, бұл схемада белгіленгеннен көп. Бұл ретте, Шардара су қоймасынан соңғы 5 жылда суды тастау орташа есеппен жылына 14 км³ құрады, бұл да схемамен белгіленгеннен артық. Алайда, есепті кезеңде Арал теңізіне ағын жылына орта есеппен 2,3 км³ құрады, бұл схемада белгіленген көлемнен 1,5 км³-ке аз. Бұл жағдай Сырдария өзенінің негізгі ағысы суармалы жерлерді суаруға және Атырау көлдерін толтыруға бөлінетіндігіне байланысты.

«Қараөзек» су қоймасының құрылысына қатысты

Жоспар бойынша жобалық көлемі 775 млн. м³ «Қараөзек» су қоймасы көл жүйелерін толтыру және мал шаруашылығының жем-шөп базасын құру және Қазалы ауданының егіс алқаптарын суару мақсатында шабындық-жайылымдық жерлерді суландыру үшін пайдаланылатын болады.

Мәселен, 2019 жылы жобаның техникалық-экономикалық негіздемесіне (бұдан әрі – ТЭН) мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды, 2020 жылы жобаның жобалау-сметалық құжаттамасын (бұдан әрі – ЖСҚ) әзірлеуге 62,4 млн теңге бөлінді. Алайда, 2022 жылы ТЭН сметалық құнының артуы себебінен мемлекеттік сараптаманың теріс қорытындысы алынды.

Осыған байланысты, қазіргі уақытта ТЭН түзету жұмыстары аяқталды, мемлекеттік сараптамадан өту үрдісі жүргізілуде. Осыдан кейін әзірленген ЖСҚ-ны түзету жоспарлануда (бұл жұмыс бірге жүргізілуде).

«Арал теңізінің солтүстік бөлігін өңірлік дамыту және қалпына келтіру» жобасын іске асыру бойынша

Экологиялық көрсеткіштерді одан әрі жақсарту мақсатында Арал теңізі бассейнінде «Арал теңізінің солтүстік бөлігін өңірлік дамыту және қалпына келтіру жобасын» іске асыруға Дүниежүзілік Банктің 1,5 млн доллар сомасындағы грантын тарту бойынша жұмыс жүргізілді.

Жоба Ақшатау және Қамыстыбас көлі жүйелеріндегі су ресурстарын тұрақтандыру үшін Сырдария өзенінде су торабын салуды, сондай-ақ Солтүстік Арал теңізінде 35 км³ көлемінде су жинақтау әлеуетін арттыру үшін Сарышығанақ шығанағында көпір (бөгет) салуды көздейді. Бүгінгі күні жоба бойынша мемлекеттік сараптамалар аяқталып, олардың нәтижелері бойынша түпкілікті техникалық шешімдер қабылданатын болады.